



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

ҚАЗАҚ – КӘРІС ТҰРАҚТЫ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІНІҢ ҰҚСАСТЫҚТАРЫ МЕН АЙЫРМАШЫЛЫҚТАРЫ

Тәжібай Динара Мұхтарқызы

dinok_tmd@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті «Халықаралық қатынастар»
факультетінің «Шығыстану» мамандығының 4 курс студенті.

Ғылыми жетекшісі – Исмаилова С.Ж.

Гангнам стайл, К-поп, дорама, кимчи, «қысқы соната» - бұл әрине Корея деген сөзді естігенде әрбір адамның ойына еріксіз келетін алғашқы сөздер. Осылардың арқасында шет ел жастарының арасында Кореяға деген қызығушылық артып, оның дәстүрлі мәдениетімен тереңірек танысуға септігін тигізді.

Әр ұлттың мәдениетімен танысу үшін ең алдымен сәлемдесуіне, сөйлеу мәнеріне, ұлттық киіміне, ас мәзіріне, салт-дәстүр мен әдет-ғұрпына мән беруіміз қажет. Ал егер де өмір сүру әдебіне тереңірек үңілер болсақ, олардың сөйлеу мәнері дәстүрлі мәдениеттің айқын көрінісі екенін аңғаруға болады. Сондықтан мен кәріс халқының сөйлеу мәнері, анығырақ айтқанда сөз тіркестері жайында ізденіп, оның қазақ тілімен қаншалықты ұқсастығын зерттеп көрдім.

Ең алдымен тақырыптың зерттелу аймағымен таныстырып өтсем. Бұған дейін кәріс тұрақты сөз тіркестерін біршама ғалымдар зерттеген болатын. Атап айтқанда Ю.П.Когай өзінің «Фразеологизмы корейского языка» атты кітабында - адам күнделікті тұрмыста тұрақты сөз тіркестерін, мақал-мәтел, нақыл сөздерді қолданбай өмір сүре алмайды делінген. Сөйлеу әдебінде тек оларды бет алды қолдана беру шарт емес, тек дөп басып айтылған жерде сенің сөйлеу өнеріне бәрі тәнті болады дейді. Сол себепті ол өз халқының 344 тұрақты тіркесін орыс тілі және де басқа тілдердегі баламасы жайлы анықтап, кітап қылып жарыққа шығарады. Бұл кітап Ресей және СНГ елдеріне тарап, қазіргі таңда біраз шет ел тілдеріне аударылған.

Келесі ол «Лингвокультура во фразеологизмах корейского языка» ғылыми мақала авторы Михайлова Марина. Ол өз мақаласында фразеологизмді зерттеу барысында біз тек заманауи мәдениетті ғана зерттеп қоймай, сондай-ақ ата-бабамыздың өмір сүрген салтына, тарихына, ұмыт болған дәстүрлерін қайта жаңғыртамыз, сондықтан сөз тіркестерін зерттеу пайдасы мол сала болып табылады деген. Және де оның келешекте жастарға берер пайдасы мол.

Менің бұл тақырыпты зерттеудегі мақсатым мен міндетім: ата-бабамыздан бері мұра болып келе жатқан бұл тұрақты сөз тіркестерінің мәні неде, және де олардың көпшілігінің мағынасы басқа тілдермен сәйкес болғанымен, кейбір сөздердің орнына басқа сөздер қолданылуына не себеп болды. Олардың бізге пайдасы қандай және тәрбиелік мәне неде екенін түсініп, болашақ ұрпаққа айқындап беру. Және кәріс-қазақ арасындағы сөз тіркестерінің ұқсастықтары жайлы зерттеп көру.

Тұрақты сөз тіркесі, яғни фразеологиялық тіркес – екі немесе одан да көп сөздердің тіркесуінен жасалып, бір ұғымды білдіретін бейнелі сөздер тобы болып табылады. Және олар идиомалық тіркестерден және мақал-мәтелдерден тұрады. Бұл мақалада біз кәріс және қазақ халқының қарапайым тұрмыста қолданатын фразеологиялық тіркестеріне тоқталатын боламыз. Әрине бұл тіркестер сол елдің тұрақты жеріне, қолданған заттарына, өмі сүру салтына тікелей байланысты. Және бір ескеретін жайт кәрістер отырықшы ел, ал қазақтар көшпелі халық болған. Сондықтан өзіндік ұқсастықтары мен айырмашылықтары болады.

Ең алдымен адамның дене мүшесіне байланысты лексикалық тіркестердің бірдей мағына беру жағына тоқталар болсақ. Бастан бастар болсақ: кәрістерде қорыққанда айтылатын 1) 머리 공중으로 올라간다 деген тіркестің дәл қазақша баламасы бар, яғни «төбе шашы тік тұрды» ойламаған сәтте, кенеттен болған жағдайда айтылатын сөз. 2) көз жайлы

тіркеске келер болсақ кәріс тіліндегі **눈을 감아 주다** тіркес а) біреудің қателігіне көз жұма қарау; ә) көз жұмды деген екі мағына береді, қазақ тілінде де дәл солай. Бір адам қателескен жағдайда «бір жолға көз жұма салыңызшы» деп кешірім сұрап жатады, және екінші мағынасы біреу қайтыс болған жағдайды көз жұмды деп айтады. Сонымен қатар адам эмоциясының бірден-бір айқын көрінісі көз арқылы сезіледі. Кәрістерде де қатты таң қалғанда **눈이 나오다** дейді, яғни көз шығып кету. Бізде де қатты таң қалса «көзің шығып кетті ғой, не болды?!» деп әзілдеп жатады. 3) Құлақ жайлы да қалыптасып қалған сөз тіркестері бар. Мәселен **귀가 가렵다** деген тіркес бар, бұл құлағы қышу деп аударылғанымен өз араларында оң құлағы қышыса біреу сен туралы мақтап жатқанын, сол құлағы қышыса даттап жатқанын білдіретін сөз тіркесі. Қазақ тілінде де дәл сондай эквивалент бар. 4) Қолға келер болсақ кәрістердің **손을 댈다** деген тіркесі «қол ұшын беру» дегенді білдіреді. Қазақ тілінде де дәл осындай сөз тіркесі бар – бұл көмектесу деген мағынаны білдіреді екі тілде де. Және екі адамның арасында бір жағдай болып қалғанда біз де, екі адамның кінәсін бір-біріне түсіндіру үшін «Шапалақ бір қолдан емес, екі қолды ұрғаннан шығады» деп жатады. Яғни екі адам да бірдей қателік кеткенін білдіреді. Кәрістерде де **두 손뼉이 맞아야 소리가 난다** деген тіркес бар. 5) Аяқ жайлы айтар болсақ: Адам көп болған жағдайда «аяқ қояр орын болмады» деп айтып жатады, кәріс тілінде де **발 디딜 틈이 없다** деген тіркес осы мағынаны береді. Бізде оны кейде «ине шаншар орын болмады» деп те атайды. Бұл жалпы кәріс-қазақ дене мүшелеріне байланысты айтылған ұқсастықтар мен айырмашылықтар болып табылады.

Адамның іс-әрекетіне байланысты да біршама сөз тіркестері бар. Яғни адамды тәрбиелікке баулитын сөз тіркестері. Мәселен: «Біреуге не істесең, алдыңа сол келеді» деген қазақта жақсы сөз бар. Бұл яғни өзің кіммен қалай қарым-қатынасқа түсесің ол да сенімен дәл сондай қарым-қатынаста болады деген сөз. Егер жылы-жылы сөйлеп, құрметтейтін болсаң ол да сені сыйлайды, ал егер керісінше болса келесі адам да қарап қалмайтыны жайлы аңғартады. Кәрістерде де **가는 말이 고와야 오는 말이 곱다** деген сөз осы мағынаны білдіреді.

호랑이도 제 말하면 온다 деген сөз бір адам жайлы айтып жатқанда сол адамның тап сол сәтте келе қалатындығынан шыққан. Оларда жолбарыс деп қолданылса, бізде үй жануары есек жайлы айтылған «Есекті айтсаң, құлағы көрінеді». Енді ғана біреуді айтқанда, сол адам келе салысымен осы сөзді айтады. Кәрістерде жолбарысты көп ертегі, шығармаларда қолдану тегін емес, ол кәрістердің символы болып табылады, және өздері орналасқан географиялық аймақты картада жолбарыс сияқты көрсетеді.

«Жақсы адам өлсе артында аты қалар» қалар деп қазақ текке айтпаған. Яғни мына өмірде жақсылығымен көзге түскен, халыққа көмектесіп, қол ұшын беруге дайын болған адамдардың аты тарихта мәңгілікке алтын әріптермен жазылып қалмақ. Кәрістерде де жақсы адам қайтыс болса артында аты қалады деген сөз бар, оған дәлел: **호랑이는 죽으면 가죽을 남기고 사람은 죽으면 이름을 남긴다**. Яғни кәрістер де өмір сүру барысында жастарды өзінің жақсы істерімен, адал еңбегімен артында із қалдыру дұрыс екенін дәріптеген. «Не ексең – соны орасың» - **콩심은데 콩나고 팥심은데 팥난다**. Бұл жерде халықтың немен күн көретіндігі де айқын айтылған. Кәрістер фасоль және де басқа өздері өсіретін дәнді дақылдар арқылы мысал құраса, біздікілер де екен нәрсеңе байланысты соның жемісін көретіндігің жайлы айтқан.

트꿀 모아 태산 яғни тастан тау құралады деп жатады, ал бызде оны «тамшыдан теңіз құралады» деп жатады. Екі сөздің де мағынасы талмай-тынбай еңбек етсең, үлкен олжаға кенелесің деген мағынада. Яғни кішкентай нәрседен бастасаң да, өз еңбегіңмен биік белестерді бағындырып, арманыңа жетесің сондықтан барынша жұмыс жасау керек деген

мән жатыр.

Қорытындылай келе кәріс-қазақ тұрақты сөз тіркестерінде біраз ұқсастықтар мен айырмашылықтар бар екенін байқауға болады. Алайда екі халықтың да айтпағы, келешек ұрпаққа берер тәлім-тәрбиесі мол. Қазіргі таңда кәріс халқы жайлы «Хан өзеніндегі ғажайып» деген термин қоса айтылады. Әрине аз уақыттың ішінде экономикасы едәуір дамып әлемдегі алпауыт мемлекеттердің көш басында тұрғаны рас. Бірақ бұған қарамастан заманауиланып кеттік деп өздерінің ата-бабаларынан келе жатқан мұрасын өшірмей, одан ары жаңғыртып, қарапайым өмірде қолдануы әлбетте көңіл қуантарлық жайт. Қазақ халқында да тұрақты сөз тіркестерінің алатын орны зор. Дөп басып айтылған мұндай тіркестер ойда ұзақ уақытқа сақталып қалады. Сондықтан өз дәстүрлі мәдениетімізді ұмытпай, оны келешек ұрпаққа дәріптеу біздің мақсатымыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Ю.П.Когай «Фразеологизмы корейского языка». М. «Просвет».:2014, 320с.
2. Михайлова Марина «Лингвокультура во фразеологизмах корейского языка. Ново-Петровск., 2008., 290с.
3. Корейский язык: 100 пословиц и 100 идиом: Сеул, Намсан. – 2002
4. Владимир Ким (Енг Тхек) Корейские пословицы и поговорки. М.: «Олимп».2014, 184с.

УДК 316.323.65

ЯПОНСКАЯ МОДЕЛЬ СОЦИАЛЬНОГО ГОСУДАРСТВА

Тургунбаева Нурдария Хусеевна

nurdariya08@gmail.com

Студент 4 курса кафедры востоковедения факультета международных
отношений ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
Научный руководитель – Утеулиева Г.К.

Понятие государства является сложным и древним, поэтому в понимании этого термина, его сути и назначении отсутствует единая точка зрения. Социальная ценность государства не сводится к его отдельным социальным качествам и свойствам, и не может быть их простой суммой – это системная характеристика, выражающая меру соответствия явления социальным потребностям людей.

Социальное государство – это новый этап в развитии государства, который стал возможным при наличии у государства достаточных ресурсов, чтобы обеспечить реальную ответственность за судьбу общества в целом и каждого гражданина. В науке, пока не сложилось единого мнения относительно основных признаков социального государства. Еще только предстоит определиться, где же та самая черта, за которой государство может считаться истинно социальным. Однако многое уже устоялось и может быть представлено в качестве базовых признаков социального государства. Это то государство,

А) для которого высшей ценностью является человек, его жизнь и личное достоинство;

Б) внутренняя и внешняя политика социального государства направлена на защиту прав, свобод и законных интересов каждого человека, который проживает и честно трудится в этой стране;

В) каждое государственно-управленческое решение социального государства, каждый принимаемый закон или подзаконный акт носит правовой характер;

Г) социальное государство, реализуя свои управленческие полномочия, обеспечивает социальную ориентацию не только государственного, но и частного сектора экономики;

Д) социальное государство проводит активную и сильную социальную политику, направленную на поддержание стабильности и высокой эффективности государственной